

РЕЦЕНЗИЯ

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ

КЕМЕЦГЕРДІҢ КЕЗІНДЕ АЙТҚАН КЕЛЕЛІ ОЙЛАРЫ

В статье автор делится мыслью о книге академика Р.Бердибая «Әдебиет сынының көкжиегі», которая вышла в 2006 году.

Makalede yazar Ord. Prof. Dr. R. Berdibay'ın 2006'da yayınlanan "Edebiyat Kritisinin Ufukları" adlı kitabının tanıtımını sunmaktadır.

«Әдебиет сынының көкжиегі» – ҚР ҰҒА-ның академигі Р.Бердібайдың 2006 жылы жарық көрген кітабы. 1960 жылдардан бері Алматы баспасынан үздіксіз кітап шығарып келе жатқан ғалымның бұл кітабының өзгешелеу тарихы бар. Өйткені кітап көне шаһар – Түркістаннан басылып шықты. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің баспаханасы әйгілі ғалымның кітабын шығарып, өз студенттеріне, магистрлер мен аспиранттарға, әдебиетші ғалымдар мен ұстаздарға мұрағаттан (архивтен) іздеп таба алмайтын мол мұраны сыйға тартып үлкен іс тындырды. Себебі бұл кітапқа ғалымның 1955–1997 жылдар аралығында мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары хронологиялық тәртіппен іріктеліп беріліпті. XX ғасырдың 50-жылдарының ортасы, 60-70 жылдарда әртүрлі газет, журнал беттерінде жарияланған мақалаларды қазіргі күні қолға түсіру қиын. Әсіресе, ол басылымдардың топтамасы кездеспейтін астанадан шет аймақтардағы ғалымдар, ізденушілер, оқытушылар мен студенттерге үлкен олжа болды. Бұл мақалалар XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы мен ұлтымыздың рухани өміріндегі елеулі оқиғалардан мол мағлұмат береді. Кітаптан ұлт зиялыларының кеңестік идеология қыспағында жүріп ұлтымыздың төл мәдени мұрасын өркендету үшін істеген ерен еңбегі мен ширыққан күресін байқауға болады.

Аталмыш кітапқа Р.Бердібайдың сыншылар қатарында болып, қазақ әдебиетінің көркеюіне үлес қосқан сүбелі-сүбелі мақалалары енгізіліпті. Бұл кітаптың құндылығы да осымен өлшенеді. Бұрынғы ешбір кітаптарында жарияланбаған алды 40 жыл бұрын газет, журнал беттерінде бір рет қана жарық көрген, қазір орталық мұрағаттардан да түгел табылмайтын бағалы мақалалар. Кітаптан қырық жылдан астам уақыт бойы қазақ мәдениетінің ауырсынған жаралы тұстары мен соған шырылдап кеп ара түскен ардагердің әрі батыл, әрі өткір қайратты үні естілгендей болады. Ұлт мәдениеті деген ұғымға оның тілі, әдебиеті мен өнері, мектебі, ғылымы, баспасөзі, мемлекетінің саясаты, дәстүрі, заңы т.б. құндылықтары енетіні белгілі.

Қазақ тілінің тағдыры туралы, оның жарақатын емдеу жолдары туралы Р.Бердібайдың салмақты ойларын соңғы кездері шыққан барлық кітаптарынан оқуға болады. Бұл кітапта ғалымның осы тақырыптағы ең алғашқы және атақты мақаласы «Ең үлкен мәдени байлық» жарияланыпты. Бұл мақала туралы автордың өзі кейінгі жылдары берген сұхбатында былай дейді: «Жұртшылық пікірін туғызуға мұрындық болған, кезінде атақты қаламгерлеріміздің көбінен жылы лебіз есіттірген, үкіметіміздің 1956-1957 жылдардағы үш қаулысының дүниеге келуіне себепкер болған, өзіме таяқ жегізген, ұлтшыл атандырған, итжеккенге айдалудан басқаның бәріне душар еткен, қызметімнен де шығартқызыған, «Социалистік Қазақстаннан» бастап «Правда» газетінің бетінде сынға ұшыратқан,

«Қазақ әдебиеті» газетінің жұмысы туралы Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің жасырын қаулысында «Саяси қате жібергендердің біріншісі атандырған мақала». Мақалада тілдің ұлт тарихындағы қасиетті орнын толық ұғындырады. «Тілдің сан ғасырлық өмірде халықпен бірге жасасып келе жатқан мәдениет екенін ұғуымыз тиіс... Коммунизм тұсында бір тіл екінші тілді жеңеді деген тұжырымды кейбір жолдастар қазіргі өмірге қолданатын аксиома санайтын көрінеді. Мұны нағыз зиянды көзқарас деп атамасқа болмайды. Бұл секілді үстірттікті ешбір елдің тарихынан іздеп табу қиын» немесе «Қазақ интеллигенті ана тілін білмейді», ең қынжыларлығы сол – бұл мәселені кейбірі әбден табиғи, заңды көрініс деп санайды... Қайткен күнде де тілді екінші тілді ұмытудың себебінен үйрену жақсылық емес». «Кейбір жолдастар прогреске жетудің бірден-бір жолы ана тілін ұмыту деп ойлайтын тәрізді... Қазақ балалары өз ана тілін өте жақсы білетін болсын деген мәселені батыл қоятын уақыт жетті», – деген сөздерді сонау 1956 жылы қылышынан қан тамған кеңестік империя «коммунизмге мықтап бет түзеген» уақытта жария етті деудің өзі адам сенгісіз сияқты. Бірақ дәл сол ойлармен жарқ еткен мақала көпшіліктің айтсам деген ойы болып шықты. Ұзақ қуғындаулардан – кәмпеске, репрессия, соғыс зардабы, 1952 жылдардағы қуғын-сүргіннен іштен тынып, дүние жүзілік соғыста жеңіп шыққан коммунистік идеологияның ендігі бет алысы не болар екен деп тұншығып тұрған ұлт интеллигенциясының көңіл түкпіріндегі ойы боп, жүрегіндегі аңсары боп жарыққа шықты. Бұл мақаланың тағдырын М.Дулатовтың «Серке» газетінде жарияланған мақалаларымен қатар қоюға болады.

XX ғасыр басындағы Алашұранды ұлт зиялыларының ойымен үндесіп ұлтымыздың сілкінуіне, елдігімізді танытуға бетбұрыс жасалуына ұйтқы болған, ұлттық мәдениеттану тарихындағы елеулі оқиға ретінде оқулықтарға енгізіліп, оның себеп-салдарын түсіндірсек – кеңестік дәуірдегі ұлт зиялыларының от пен оқтың ортасында жүріп қанша ұлағатты істер тындырғанын нақты дәлелдеуге болар еді.

Ұлт тілі, әдебиеті, әдебиет оқулықтары туралы жазылған проблемалық мақалалары дәл қазіргі күн үшін де өзекті. «Әдебиет пәні және оқулық», «Суретті кітапшалар жайында», «Ана тілі оқулықтары туралы», «Жемісті жылдар» мақалаларындағы қорғасындай салмақты ойлар ұлт болашағы үшін жаны қиналған қайраткердің ғана айта білген, айта алған алдаспандай мұқалмас қажырын көрсетеді. Дәл қазір де оқулық шығарып жатқан авторларымызға бағдаршамдай жол көрсетері ақиқат. Мектеп қабырғасында оқушыларға ғылым негіздерін үйретуде сапалы жасалған оқулықтардың атқаратын қызметі зор. «...Оқушыларға эстетикалық тәрбие беріп, олардың жалпы білімін өсіруде әдебиет оқулықтарының орны ерекше», – деген ойлары бір пәнді әсіре мақтау емес. «Суретті кітапшалар жайында» деген мақаласында тәрбие құралының ең ұлысы – ұлтымыздың халық ауыз әдебиеті екендігін былай түсіндіреді: «Балалардың ақыл-ойын, дүниетануын өсіруге ертегілердің мәні зор. Тіпті ертегілерді балалар әдебиетінің ең ежелгі нұсқасы деп атауға болар еді. Оларда жас балаға сан түрлі түсінік беретін, сұрыпталған ашық бояулы, есепсіз мол оқиға бар». Немесе бәрімізге белгілі «Бір деген – білік», – деп басталатын тақпақ өлеңнің маңызы туралы: «Мұны жаттаған бала, біріншіден, сан үйренсе, екіншіден, бірталай заттың атын біліп шығады», – деп ұлттық педагогиканың асыл діңгегі – фольклор туындыларын қорықпай қажетке жаратуға шақырады. Бүгінгі күннің проблемасымен астасып жатыр. Теледидардың алдынан шықпайтын қазіргі бүлдіршіндерге де ара түсер жан шығуы керек. Шетелдің танымы өзге, пиғылы жат киноларын емес, дәл осы ұлттық фольклордың

«балалардың ақыл-ойын, дүние танымын өсіруге мәні зор ертегілерден» кино жасап, тек соны көрсету қажет. Ұлттық фольклордағы санамақтарды пайдалану керек. Бұл мақалада балалар әдебиетіндегі әлі де орны толмай жатқан үлкен кемшілікті көтерген. Бір кездері балаларымызға қазақ тілінде жазылған, әдемі, түсінікті, бірден жатталып қалатын суретті кітапшалар таппай қиналсақ, енді немерелерімізге де дәл солай киналып жүрміз. Біздің ұлтымыздың фольклоры, ондағы сығымдалып берілген қорытындылар мен тәрбие ешбір елдің фольклорында жоқ деуге болады. Бірақ соны қажетімізге жаратуға келгенде, шегіне береміз. Кітап дүкендерінің барлығы өзге елдің рухы мен танымын насихаттап жатқан жарқылдаған кітапшаларға толы. Бұны қайтіп, кімге айтуды білмей жаның қиналады. Ұрпақ тәрбиесі өзге елдің ықпалында кетіп жатқанына жүрегің езіледі... «Жемісті жылдар» деп аталатын мақаласы қазіргі күні іздеп таба алмас деректерімен құнды. Сонау 1940-50 жылдары қазақ әдебиетінен жазылған оқулықтардың аттары мен авторлары түгел көрсетілген. Және сол оқулықтардың сапасына, қамтыған әдеби біліміне талдау жасалынған. Мысалы: С.Сейфуллин өзінің қазақ әдебиеті (1932) атты әрі оқулық, әрі хрестоматиясында ауыз әдебиетін жеке блокқа бөліп таныстырады, көптеген мұралар жөнінде тыңғылықты, қызғылықты пікірлер айтты. Бұл еңбек халық әдебиетінің саф мөлдір байлығын жұртшылыққа таныту жөнінен зор маңызға ие болды», - дейді. Мақала 1965 жылы жазылғанын ескерсек, қажетсіз дүниелер есебінде қолданыстан шығып қалған мол мұраның тарихи орнын беруде атқарар қызметі үлкен.

«Ана тілі оқулықтары туралы» деген мақаласында ұлт болашағы жас ұрпақ оқитын оқулықтың қаншалықты маңыздылығына тоқталып, бұл мәселені жалпы ұлттық, мемлекеттік іс деп қарау керектігіне назар аудартады. Бұл - еш уақытта өз құндылығын жоймайтын мәселе. Оқулық авторларына ұлттық міндет биігінен сын айтады. «Кітап авторлары әдебиетіміздің алтын қазынасын кең ақтарып, ең тәуірін іріктеп ұсынатын болсын», - деген сөзі бүгінгі күн үшін де қымбат. Жоғарыдағы «Суретті кітапшаларда» көтерген мәселесін әрі қарай дамыта түскен.

«Әдебиет сынының көкжиегі» кітабында әдебиеттің теориялық мәселелерін көтерген көптеген мақалалары берілген. Бұл еңбектерінің ғалымның басқа кітаптарында жарияланбағанын ескерсек, бұл кітап әдебиеттану ғылымынан қажетті оқу құралы бола алады. «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері», «Шындық және көркемдік шындық», «Туған әдебиетіміздің тарихын толғағанда», «Әдебиеттің асыл мұраты», «Оқиға және характер», «Характер жасау жолында», «Отызыншы жылдардағы қазақ романдары», «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Характер және жағдай», «Замандас тұлғасы», «Боран туралы бірер сөз», «Аңызға ұласқан ақиқат», «Көркем сөздің асқан шебері», «Көркем сөздің көрнекті теорияшысы», «Манас» туралы маңызды зерттеу», «Халық қозғалысының көркем ескерткіші» сияқты мақалалары ғалымның әр жылдары түйген ғылыми қорытындысындай, бұл саладағы табанды зерттеуші болғандығын көрсетеді. Белгілі ғылыми дәреже алу үшін ғана ережеге сай мақала шығарумен айналысу емес, өз жүрек қалауымен жаны сүйіп ғылымның қиын жолын таңдағанын танытады. Алдына қойған мақсаты – ұлтымыздың рухани мұрасы болып есептелетін ұлт әдебиетінің жалаң идеологияның сойылын соғушы емес, нағыз ұлттың рухына сәуле шашар өнер туындысы болып жетілуіне өз үлесін қосқанын айғақтайды. 1963 жылы жазылған «Характер жасау жолында» деген мақаласында «Қазіргі көркем шығармаларда алдын ала белгіленген маршрутпен жүретін, өмірі қателеспейтін, аузынан бейсауат сөз шықпайтын, бірақ

іс-әрекеті ешкімді сендірмейтін сұлде бейнелерге орын тарылып бара жатқаны да сүйсіне байқар жайт», – дейді. «Сұлде» бейне жасаған қаламгердің шығармаларын идеясы жақсы еді, – деп жақауратпайды. М.Қаратаевтың «Даладағы дабыл» романындағы Шахмет ишан бейнесіне қуаныш білдіреді. «Бізде осы кезге дейін ишан аталғанның бәрі құбыжық болып түсіндірілетін», – деп қазақ қоғамында ұлт зиялыларына дұрыс баға берілмегенін атап көрсетеді. «Оқиға және характер» деп аталатын мақаласында романға қатысты теориялық білім романды талдау үстінде түсінікті тілмен өрнектелген. Ерекше етіп бөліп алып, анықтама ретінде пайдалануға әбден болады. Мысалы: «Шығарманың сыр-сипатын анықтайтын – сюжет. Сюжет – ақиқат өмір материалының, характерлердің авторлық дүниетаным мен аңсардың түйісіп, бірлікке келуінің жиыны. Сюжетті әңгімелеу – көркем туындының гартыстық, характерлік, композициялық қасиеттерін де қарастыру болмақ». «Сюжет – адам әрекетінің өзара қарым-қатынасының жүйесі, характердің жасалу логикасы». «...Өз орнында өткір көрінген оқиғалар сюжет бола бермейді, сюжет қашан да адамдардың типтік, шыншыл байланыстарының жүйесі». Осылай нақты роман теориясына қатысты қағидаларды ғылыми тілмен түсіндіреді. Б.Майлин романының құндылығын: «Қазақ адамының өзіне тән психологиялық ерекшелігін, салт-санасын жан-жақты суреттеуі жазушының өшпес еңбегі», – деп бағалайды. Жазушының шығармалары тап күресін суреттеуімен емес, ұлттық психологияның берілуімен құнды екенін аксиома етіп алады. Бұл пікір де дәл бүгінгі күннің талабымен үндесіп жатыр. Қазақ әдебиетінің классиктеріне кеңес үкіметінің саясатын қолдады, ұлтты екіге бөліп, кедейлерді ғана жақтады дегендей біржақтылықпен қарамау керек. Ондай шығармалары да бар. Заманының сойылын соқпаған ұлыларды табу қиын. Бірақ нағыз көркем дүниелерін алып, шынайы көркемдігіне баға беру - әділеттің ісі. Сыншы бұл мақаласында қаламгердің нағыз шынайы бағасын береді. «Көркем сөздің асқан шебері» мақаласында ұлы суреткер М.Әуезовтің суреткерлік қырларына әдебиет теориясы тұрғысынан нағыз дәлелді, көркем шығарманың заңдылығын көрсете отырып, қай ғасырда да өлмес, адамзат игілігіне айналатын себебін түсіндіре баға береді. «Біріншіден, М.Әуезов шығармаларымен бірге қазақтың жазба прозасына терең реалистік, психологиялық сипат келді. ...Екіншіден, М.Әуезов туындыларында табиғат суреттері тұңғыш рет жай тамашалау болмай, характерді, жағдайды анықтай түсерлік жанды, қажет бөлшекке айналды. Үшіншіден, М.Әуезовті біз қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін жасаушылардың ең көрнектісі деп білеміз», – дейді ғалым. Осы үш қорытындыны тұтастай таратып алып кетсе үлкен үш ғылыми зерттеу еңбек шығатындай. «Қилы заман» жарық көрісімен жариялаған мақаласы «Халық қозғалысының көркем ескерткіші» деген мақаласы да дәл бүгінгі күннің әуенін танытқандай. Бұл - көркем шығарманы тек көркемөнер заңымен ғана бағалай алатын білікті де, танымы биік жанның қолынан келетін іс. «Көптің кекке қайралған қимыл-әрекетін көрсету жөнінде «Қилы заман» қазақ әдебиетінде жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Мұнда халықтың отаршылдыққа деген жиіркеніші зор көркемдік қуатпен бейнеленген». «Отаршылық саясаттың ең асқынған түрі – геноцидтің жексұрын кескіні «Қилы заманда» ақиқат көрінісін тапқан. Қарақол шаһарына айдалып апарылған Ұзақ, Жәменке, Серікбай Әубәкір сынды ел басшыларын айуандықпен азаптаушылық, уланып өлген Жәменкенің денесін өз жерінде қоюға рұқсат етпеушілік, халықтың наразылығын әдейі өршітіп, артынан айыпты етіп көрсетіп, қанын судай ағызуға жоспарлы түрде әзірлеушілік патшалықтың нағыз жауыз тәсілі болатын. Тұтас халықты жер бетінен жоқ қылып

жіберуге отаршы жендеттер шімірікпестен баратыны әшкереленген», – деген сөздер осыған дәлел. Патшалықтың осы жексұрын тәсілін кеңес үкіметі де әдем пайдаланғаны белгілі. Біз білетін Желтоқсан тарихы осының соңғы куәсі. Сондықтан батылы барып ашып көрсетуі ғалымның биік парасатын танытады.

Ғалым әдебиетке қаншалықты тереңдей енсе де ұлт мәдениетінің негізгі саласы музыкаға деген іңкәрлігі мен қамқорлығын естен шығармайды. Бұл кітапқа да ұлт зиялыларының асыл арманын бүкпесіз айтқан бес мақаласы енгізіліпті: «Музыка мұқтажы», «Ән - өмір көркі», «Әбікен күйші», «Ән туралы бірер сөз», «Күй – халық мұрасы». Әрқайсысы музыка өнеріндегі ірі проблемаларды көтеруімен құнды. Барлығына талдау жасауға мақала мүмкіндігі көтермес. Бір ғана «Музыка мұқтажы» мақаласын 1956 жылы жазылған деп емес, дәл қазіргі күндегі ұлттық музыканың аянышты халі туралы трактаттар деуге болады. Сөзімізге дәлел келтіре кетейік: «Музыка – халықтың жан күйінің көрінісі», «Музыкалық мұрамызда күрделі үлесі бар әнші, күйшілерді еңбегі – ескіrmес қазына», «Жақсы ән, күй тудыру үшін халықтық негіздерге бару шарт», «Ән - зорлыққа көнбейтін ең демократиялық жанрдың бірі. Оны схемамен, құр еліктеумен немесе құрастырумен жасауға болмайды. Ән де өмірдің өзіндей қажеттілік болып жасалуға тиіс», «Искусствоның өзіне тән айырықша заңдылығы болады десек, сол заңдылықтың бірі көркемөнердің бірлігі бір ұлт топырағында ғана туатындығы еді».

Бұл музыка өнерінің ерекшелігі туралы жасаған салмақты қорытындысы болса, ұлттық музыка өнерінің біртіндеп өліп бара жатуына себеп болған жайттарды санамалап көрсетеді.

«Идеясыз», «ескі», «композитор өмірбаянында «шатақ» бар деген сөздердің астарында ұлттық мұрамызға жасалған қуғын-сүргін тарихы жатыр. «Екіншіден, қазақ музыкасын насихаттаудың жоспарсыздығы сонша, қазақтың ән, күйін көпшілік жиналған жерде өте сирек естиміз». «Қазақстанның темір жол станцияларының вокзалында да қазақ әнін есту оңайға түспейді», - деген ойлары да осыны аңдатады. Бұл жан айқайы әлі де шешілмей тұрған мәселе, алынбай тұрған камал...

Қорыта айтқанда, қазіргі күні еңбегінің зейнетін көріп отырған, еңбекқорлығы таң қалдыратын үлкен ғалымның әдебиет майданына келіп қосылған күнінен бастап дәл бүгінгі күнге дейін бір мұраттан айнымай, сара жолынан таймай, өткеніне өкінбей, атқарған ісінен ұялмай, бүгінгі күнгі уақыт сынынан жасқанбай қазіргі оқырманымен де маңдайы жарқырап келіп қауышқаны қуантады.